

«Әйтеке би атындағы жалпы білім беретін» КММ-нің Даярлық «Ә» тобының
2022-2023 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

Мектепалды даярлық ата-аналар арасындағы қарым – қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата – ананның ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата – ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру. 2. Баяндама «Менің отбасым және ондағы менің орыным» 3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін сайлау.	Қыркүйек	Тәрбиеші М.Сеитова
2	«Мерекелік іс-шараға дайындық «Алтын күз!» ертеңгілік .	Қазан	Тәрбиеші М.Сеитова
3	Ата-аналарға арналған тренинг. Баяндама . «Балаға не сыйлайсыз? »	Қараша	Тәрбиеші М.Сеитова
4	1.«Қош келдің Жаңа жыл» ертеңгілік	Желтоқсан	Тәрбиеші М.Сеитова
5	1. Баяндама «Ата-ана махаббаты»	Қаңтар	Тәрбиеші М.Сеитова
6	«Дені саудың жаны сау»	Ақпан	Тәрбиеші М.Сеитова
7	1.8-Наурыз, 22-Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктеріне дайындық	Наурыз	Тәрбиеші М.Сеитова
8	Тәрбиенің ең тамаша ортасы-Отбасы	Сәуір	Тәрбиеші М.Сеитова
9	Жиналыс: Қоштасу мерекесі.Ата-аналарға мерекелік концерт.Марапаттау.	Мамыр	Тәрбиеші М.Сеитова

Тәрбиеші:  М.Сеитова

Мектепалды даярлық «Ә»тобының ата аналар жиналысының
хаттамасы

Хаттама №1

Қатысқан ата-аналар саны: - 18

Қатыспаған ата-аналар саны:2

Қаралатын мәселелер:

1. «Мектепке жол» ата - аналарға даярлық топтың жылдық мақсатымен, күн тәртібімен таныстыру.Ата – аналар комитетін сайлау.Тәрбиеші:Сеитова Меруерт
2. «Менің отбасым және ондағы менің орным» баяндама.

Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар біздің даярлық топқа қош келдіңіздер! Сіздерден өтініш орындарыңыздан тұрып бір - бірімізбен танысу шеңберіне келсеңіздер.

Қолымыздағы ойыншықты бір - бірімізге бере отырып, өзіміз жайлы айтып кетейік.

Барлығымыз бір- бірімізбен танысып болсақ орындарыңызға жайғасып отырыңыздар. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы.

2023-2024 оқу жылының міндеттемелері

1. "Денсаулық" саласы:

Міндеті:

Ата-аналарды күн тәртібі мен таныстыру, ондағы ұйымдастырылған оқу-іс әрекеттері бойынша мағлұмат беру. Білім салалары мен білім бөлімдерін толық таныстыру.

Әдіскер: Ата-аналарға әр-бір баланың өз "Портфолиосы" болу қажеттілігін айтты.

"Портфолио"-бұл балалар жұмысы және оның өзінің жеке жетістік портфелі. Тәрбиеші ата-аналармен бірлесіп жеке папкаға балалардың салған суреттерін, шығармашылық жұмыстарын, фотоларын, түрлі қызық пікірлерін және қуанышты хабарламаларын жинастырады. Бұл материалдар бала тұлғасының, өсу динамикасының жағымды өзгерістерінің көрнекі үлгісі болып табылады.

Ата-аналар әдіскермен келісетіндерін және балаларының портфолиосын жасап беретіндерін айтты.

Бала тәрбиесі баршамызға ортақ

«Адамның адамшылығы ақылы, ғылымы,

жақсы ата, жақсы ана, жақсы ұстаздан болады.

Адам баласын бауырым деу жүректің ісі»

Баланың жақсысы- әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында.

Ата- ана өз баласын махаббатың нұрына бөлеп, қуанышына, бақытына бөлейді. «Ұлт боламын десең, бесігінді түзе»-деп бабымыз айтқандай баланы бесіктен, тіпті бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда, алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата-анаға «Сіз балаңызды 1,5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іште тәрбиелеу керек» деген еврей халқының мысалын келтіріп жатады.

Баласының жақсы болғанын армандамайтын ата-ана жоқ. Тіпті баласының болашағы үшін отқа да, суға да түсетін ата-аналар бар. Бала тәрбиесі- қиында күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш –жігердің қажет етеді.

Біз баламызға үнемі талап қойғышпыз. Әуелі талапты қоймастан бұрын, балаға өзіміз үлгі көрсете білуіміз керек. Баланың көзінше қырсық мінез көрсетету, өзге адамды жамандау сияқты қылықтар бала бойына теріс көзқарастарды қалыптастыруға негіз болады.

Бала тәрбиесін ойлайтын ата- ана ең әуелі өзін тәрбиелегені жөн болар еді деп ойлаймын. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек тәрбиеші ғана емес әрбір ата-ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, көгаландыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыру. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады.

Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеңіздер тәрбиешіні жолдастарын, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті « беті қолыңды жу, тісінді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып

Түркістан облысының білім басқармасының Саураны ауданының
білім бөлімінің «Әйтеке би атындағы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Баяндама

Тақырыбы: Бала тәрбиесі баршамызға ортақ

Тобы: Даярлық «Ә»

Тәрбиеші: М.Сейтова

Мәжіліс хат № 1

Ата-ана жиналысы

« » _____ 2023 ж

Барлығы 20 қатысқаны 15 қатыспағаны 5

1. «Білім күні» мерекесіне арналған баяндама.
2. Құттықтау тілектері.
3. Балаларға керекті заттармен айтты.

Тыңдалды. «Білім күні» мерекесі барысында құттық болды. 2023-2024 оқу жылы барысында құт - берсе, ынталық жасайық.

Адам тәрбиесі үлкен міндет. Үлкен міндетке қол жеткізе алмай, үлкен қиындықпен, талаптылық пен ақылмен, күш-жігермен, жан дүниесі бойынша көз жеткізеді. Біз ҰЕ - баспа бірлестіктерімен тәрбиеленіміз деп тәрбиесі М. Смитов сөзі аяқтады.

Ата-аналар 1 күн ішінде «Білім күні» мерекесіне балаларға тілектері айтты.

Тәрбиесі М. Смитов балаларға керекті құрал-жабдықтарын айтты. Ата-аналардың сөзі сәт болғандықтан үлкен пайда болды. Мектептің психологы З. Шарова ата-аналар мен тәрбиеленімізді.

Шығып сөйлегені

Ата-ана.

психолог.

З. Шарова.

Қаулы етеді/Ұсыныс/

1. Ата-аналар мен тәрбиеленіміздеріне қол жеткізе талапты өз денесінде орнатылсын.

2.

Баяндама оқыды.

3.

Ата-ана төрайымы:

Топ жетекшісі:

Ендігі мәселе: Ата-аналар арасынан өз өтініштерімен ата-аналар комитетін сайлайық.

Ата-аналар өзара келісе отырып ата-аналар ұйымын сайлады, олар:

1. Айтбозым Гулзира
2. Науанова М
3. Кенжетаева Ж

Екінші мәселе бойынша оқулықтар қажеттілігі

Қай заманда болмасын адамзат баласының алдында тұратын ұлы мақсат мұраттарының ең бастысы\ өзінің өмірін, тәжірибесін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Себебі , ұрпақ тәрбиесі келешегін берік ететін басты фактор болып саналады. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру \ қазіргі білім беру және тәрбиелеудегі басты міндеттердің бірі. Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру әлеуметтік құрылымның ең маңызды міндеттерінің біріне айналды. Қазақстан Республикасының \\\\жылға дейінгі білімді дамыту тұжырымдамасында «Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген.

Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы. Бала тәрбиесі ана сүтінен бастап , өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс . Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып , балабақшамен

Үшінші мәселе бойынша мектебіміздің психологы Шораева Замира ата -аналармен бірге тренинг өткізді.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналар балаларды таңертең балабақшаға уақтылы алып келу.
2. Балаларды себепсіз балабақшадан қалдырмау.
3. Ата - аналар балалар портфолиосын дайындап беру.
4. Балаларды бірлесе отырып тәрбиелеу.


Тәрбиеші _____ Сеитова М

Хатшы: _____ Тәліп Ж

**«Әйтеке би атындағы жалпы білім беретін» КММ-нің Даярлық «Ә» тобының
2023-2024 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары**

Мектепалды даярлық ата-аналар арасындағы қарым – қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата – ананның ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата – ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру. 2. Баяндама «Менің отбасым және ондағы менің орыным» 3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін сайлау.	Қыркүйек	Тәрбиеші М.Сеитова
2	«Мерекелік іс-шараға дайындық «Алтын күз!» ертеңгілік .	Қазан	Тәрбиеші М.Сеитова
3	Ата-аналарға арналған тренинг. Баяндама . «Балаға не сыйлайсыз? »	Қараша	Тәрбиеші М.Сеитова
4	1.«Қош келдің Жаңа жыл» ертеңгілік	Желтоқсан	Тәрбиеші М.Сеитова
5	1. Баяндама «Ата-ана махаббаты»	Қаңтар	Тәрбиеші М.Сеитова
6	«Дені саудың жаны сау»	Ақпан	Тәрбиеші М.Сеитова
7	1.8-Наурыз, 22-Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктеріне дайындық	Наурыз	Тәрбиеші М.Сеитова
8	Тәрбиенің ең тамаша ортасы-Отбасы	Сәуір	Тәрбиеші М.Сеитова
9	Жиналыс: Қоштасу мерекесі.Ата-аналарға мерекелік концерт.Марапаттау.	Мамыр	Тәрбиеші М.Сеитова

Тәрбиеші:  М.Сеитова

5. Түсініспеушілікті баламен бірге шешуден қорықпаңыз.

Баланың кейбір қылықтарына ашуланбау мүмкін емес. Ол жиі болмаса да кей - кейде орын алып тұрады. Міне, осындай кездері оған ашулануыңыздың себебін сабырлы кезіңізде түсіндіруден қашпаңыз. «Кішкентай ғой, не түсінер дейсің?» деген түсініктен де аулақ болыңыз. Оның қай жерде дұрыс жасамағандығын айтыңыз және неге бұлай еткендігінің себебін сұраңыз. Сонда араларыңызда бір - біріңізді еркін түсінетін көпір қалыптасады. Оны жазалаудың сіз үшін ауыр екендігін және жазалағыңыз келмейтінін де айтқаныңыз артық болмайды.

Есте сақтағаныңыз дұрыс:

- Баланы жазалау кезінде ата - ананың жүйкесі тыныштанғаннан басқа ешқандай пайда жоқ. Таяқ жеген бала келесі кезекте де қалай әрекет жасайтынын білмей, бір жасаған қателігін екінші рет қайталайды. Оған түсіндіріңіз және түсіндіріңіз!

- Қол жұмсамай - ақ жазалаудың түрі жеткілікті. Мысалы: бала қанша жаста болса, сонша минут бұрышта тұру, орындықта қимылдамай отыру, сол күнгі балмұздақ немесе тәттіден қағу. Дұрыс көтеріп, жүйке жұқартудың оң нәтижесі мүлде болмайды.

- Өзіңізге өзіңіз сырттай назар салыңыз. Сабырлы болыңыз! Бала бірдеңені дұрыс істемеді ме, алдымен түсіндіріңіз. Ол нәтижесін бермесе, ескерту жасаңыз. Ол да көмектеспесе ғана за қолданыңыз. Баланың сізге айтқанын жасатуға жол бермеңіз. Сонда ғана кішкентай ғана бауыр етіңізге қол жұмсамайтын боласыз

Тәрбиеші: *М.С.* М.Сейтова

арасында қандай да бір үлкен түсініспеушіліктер болмайды.

2. «Болатын» және «болмайтынның» шекарасы.

Балаға берілетін дұрыс тәрбие «болатын» және «болмайтын» іс - әрекеттерді айқындайтын нақты шекарадан тұрады. Бұдан бала, ненің дұрыс, ал ненің бұрыс екендігін, қандай іс - әрекеттердің оң, қай қылығының теріс екендігін анық ұғып өседі. Егер кеше балаға тырнақты тістемеуді немесе қолын аузына салмауды ескерттіңіз бе, ол әрекетін бүгін де байқасаңыз, тағы да ескертуге ерінбейсіз. «Ой, қанша айттым, тыңдамайды бәрібір» деп бір - екі күннен соң қол сілтей салсаңыз, бітті. Сіздің бала бойындағы көптеген қателіктерге түйсікті түрде баруға болатындығына жол бергеніңіз. Сонымен қатар, баланың алдында емес, сонынан жүруді ерте бастан - ақ қалыптастырғаныңыз. Ата - ананың бала үшін қойған шекарасынан ол әдеттегі айтыла беретіндей «жалтақ» болып кетпейді. Шекара - бала өмірін жеңілдетеді, болашақта қандай - да бір үлкен қателіктерге жол бермеуге үйренеді. Керісінше жағдайда, яғни шекара болмаған отбасында бала адасады, оның өмірі қиындайды.

3. «Болмайды!» деп айғайлауға болмайды.

Бала да ата - анасы сияқты отбасының бір мүшесі. Оның өз орны және құқығы бар. Дегенмен, отбасы мүшелерімен қарым - қатынасында да шекара болуға тиіс.

Егер баланың қандай да бір іс - қимылы сізге жағымсыз болса, ыңғайсыздық тудырып жатса, оған шектеу қойғаныңыз дұрыс. Бірақ, әрине бірден түріңізді өзгертіп «болмайды!» деп айғай салу дұрыс емес. Одан да баланың назарын басқа бір қызықты іске айналдырып жіберуге болады. Мұнда сізге сабыр қажет. Сонымен қатар, бала тілімен, оған түсінікті түрде бұлай жасау өзіңізге ыңғайсыздық тудыратынын түсіндіріп айтсаңыз, жетіп жатыр.

4. Іс - әрекетіне лайықты мақтау сөздер айтыңыз.

Мұны өзіңізге ереже ретінде ұстансаңыз да болады. Жоғарыда айтқанымыздай, «болатын» және «болмайтын» іс - әрекеттер үшін өз ойыңызды айтып отырсаңыз, бала бірден болмаса да, біртіндеп оны түсіне бастайды. Мысалы, үйге келген қонақпен сәлемдесіп, ол қайтар кезде қоштасуды ешкім үйретпей - ақ өз бетінше орындаған баланың ісі - мақтауға тұрарлық. Алғашқы байқаған сәтіңізде - ақ оның дұрыс жасағандығын, жақсы баланың үнемі осылай жасайтындығын т. б. мейірімді жүзбен күлімсірей айта отырып мақтасаңыз, оның бойында жақсы әдетке деген қызығушылығын оятасыз. Себебі, кез - келген бала мақтауды сүйеді. Ол үшін жақсы әдеттер санын арттырғысы келеді, талпынады. Өзінің айтқанын орындату үшін жерге өзін тастай салып, жата қалып жылайтын баланы жазалаудың ең дұрыс әдісі - оны жалғыз қалдыру. Үнсіз ғана оның бұл әрекетін елемеген болсаңыз, осы жазаның да жеткілікті болады. Мұның да себебі бар, өйткені бала өзіне назар аударғанды жақсы көреді. Жата қалып жылай бастағанына назар аудармасаңыз, оның орынсыз екенін сезіне бастайды. Ал оған ұрысып не болмаса өзге де жазалау түрін қолданып жатсаңыз, демек оған назар аударғаныңыз. Балаңыз ол әдетін тағы да қайталайды деген сөз.

Бала жағымсыз әрекетті қайдан үйренеді?

Баланы қалай тәрбиелеген дұрыс - таяқпен бе әлде мақтаумен бе? Кейде айтқан сөз бір құлағынан кіріп, екіншісінен шығып кететін балаға не жаза қолданарынды да білмейсің. Бәрін қолданғаныңмен де әйтеуір бір кемшілігі байқалады да тұрады. Әдетте жүйкеге әбден тиген бала үшін майқұйрықтан салып жіберу немесе желкеден түйіп жібергеннен басқа ештеңе көмектеспейтін сияқты. Сондықтан, көптеген ата - аналар тәрбиенің осы бір «саласына» көбірек үйіріледі. Таяқ жеп өскен бала біреуге әлімжеттік жасағысы кеп тұрады.

Ата - анасының желкеден немесе құйрықтан берген «жазасы» баланы өзінен кішілерді ренжітуге, оларға күш көрсетуге және үлкендердің сөзіне құлақ аспау мен әлімжеттік жасауға бейім болады. Сонда баланы қалай жазалау керек? Жалпы, осы жазалау керек пе? Ата - анаға, ересектерге сөзсіз бағынатын бала аз. Сондықтан кез - келген отбасында бала тәрбиесінде теріс қылықтары үшін жазалайтын сәттер міндетті түрде болады. Онсыз мүмкін емес. Себебі, баланың болашақта мінез - құлқы және ақ пен қараны ажырата алатындай санасы қалыптасуы үшін қажет - ақ. Бірақ қалай жазалау керек? Жас ата - аналардың тұйыққа тірелетін, ойын сан - саққа жүгіртетін сауалы да осы. Кішкентай сәбиді тыңдата білу қиын. Еркелеткің де келеді, бірақ шектен шығып кете ме деген қауіп те басым түседі. Кішкентай ғана «бақытты жанды» өкпелетіп, көңіліне қаяу түсіргің келмейді. Әрбір ата - ана балаға дауыс көтермей, қол жұмсамай - ақ тәрбиелегісі келетіні анық. Ешкім де өз баласының жылағанын, ренжігенін қаламайды. Бірақ кейде амал жоқтай көрінеді. Сонда баланы жазаламай - ақ тәрбиелеудің жолы қайсы? Тым ерке етпей, сонымен қатар ата - ананың сөзіне құлақ аса білетін баланы қалайша тәрбиелей аламыз? Ата - ананың маххабаты мен бала тәрбиесіндегі салғырттықтың (баланы бетімен жіберудің) шекарасы қайсы? Ол үшін мына кеңестер кез - келген ата - анаға көмек бола алады.

1. Балаға ата - анасы көшбасшы.

Ата - ана мен баланың арасында екі түрлі көзқарас болмауы тиіс. Бұл әлі өмірге деген өз көзқарасы қалыптаспаған, жасы кәмелетке толмаған балаларға қатысты. Ата - анасы көш бастайтын көсем болуы қажет бала үшін. Демек, ата - ана әрбір іс - әрекетіне мән беруі қажет. Білікті, білімді, қайсыбір жағдай болмасын, сабырмен қабылдап, нені болмасын, сабырмен қабылдай алатын көшбасшының (ата - ананың) сонынан ереді бала да. Өйтпеген жағдайда бала тарапынан қарама - қайшылықты анық көретін боласыз. 4 - 5 жасында - ақ өз қалауын ата - анасына сөзсіз орындататын бала ерке. 2 жасқа келгенде баланың қалауы (орынды болса ғана) ата - ана үшін заңды. Одан кейінгісі - еркелік. Демек, уақыт өткізбей ертерек қателіктердің орнын толтырып, бала бойындағы еркелікті түзеуге ұмтылған дұрыс. 4 - 5 жасқа келгенде бала ата - анасының неге рұқсат етіп, қай қалауының теріс екендігін түсіне білуі тиіс. Егер осы жасқа дейін ата - ана мен баланың арасындағы қарым - қатынас өз деңгейінде қалыптасса, демек, әрі қарай да олардың

Түркістан облысының білім басқармасының Саураны ауданының
білім бөлімінің «Әйтеке би атындағы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Баяндама

**Тақырыбы: Бала жағымсыз әрекетті
қайдан үйренеді?**

Тобы: Даярлық «Ә»

Тәрбиеші: М.Сеитова

2023-2024 оқу жылы

Қорытынды. Ата - анаға көз қуаныш,
Алдына алған еркесі,
Көңіліне көп жұбаныш.

Гүлденіп ой - өлкесі,- деп Абай атамыз ата - ананың қуанышы, гүлденген үміт, арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата - аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Адам да өмір сияқты, күлмесе жайнап өспейді дейді. Сондықтан да мына жайттарды есімізге ұстайық: «Отбасында берілген тәрбие жігеріңді құм қылып, жерге қаратпасын десең балаға кішкентайынан түзу тәрбие бер», - деп ата - бабамыз айтқандай, бала тәрбиесіне уақытыңда көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата - ана мен мектеп өзара тығыз байланыста болса, балаларға бірдей талап қойып отырса, тәуелсіз еліміздің ұл - қыздары жан - жақты дамыған азамат болып шығары сөзсіз Адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі - баланың ата - анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Бұл – жас ұрпақтың мәдениеттілігін, әдептілігінің ғана емес, ең алдымен, адамшылығының белгісі.

Бала – ата - ана өмірінің жалғасы. «Баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін» деп әлпештеп өсірген перзенті ауырып не басқа бір қатер төнгенде мойындарына бұршағын салып, «Өзімді алып, баламды аман қалдыр!» деп құдайға жалбарынған ата - аналарымыз аман - есен жүрсін деген тілекпен бүгінгі тренингімізді аяқтаймыз.

Ананың кезі бар ма кекті болған,

Оқыста жүрек түсіп кетті қолдан.

Ұмтылса, топырақта жатқан жүрек:

«Құлыным,байқасаңшы», - депті оған ...

Адамның бауыр еті, жүрегі бала. Сондықтан да осы жүректі аялы алақандарыңызбен ұстап балаларыңызға деген ақ тілектеріңізді жеткізіп бір-бірлеріңізге беріңіздер

Тәрбиеші:

М.Сеитова

Тренингке қатысушы көрермендермен сергіту «Таңды қалай қарсы аламын?»

5. «Ащы пияз» қазіргі заман аңызы

Өз балаларыма көңіл бөлуге әрдайым менде уақыт болмайтын. Жұмыс, қызмет бабында өрлеу, жеке бас өмірім. Бірақ, менің балаларым ештеңеден тарықпай өмір сүріп жатты, менің олардың тәттілік – компьютерлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға қаражатым жетіп отырды. Менің олардың кемшіліктеріне көз жұмып қарасам, олар менің тарапымнан көңіл бөле алмайтынымды кешіріп жатты. Бірақ мейірімді, жібектей балалық шақтың уақыты тез өтіп кетті. Күрделі жасөспірімдік кезең басталды. Алғашқы өзара кінә қою, алғашқы шынайы сезімдер. Менің жасаған ашылуым: менің балаларым сүйіспеншіліксіз өскен. Мен олардың есеюіне көңіл бөлмеппін, олардың нашар қылықтары мен әрекеттеріне тосқауыл қоймаппын және жамандықты жақсылықтан ажырата білуді үйретпеппін.

Кезекті келеңсіз жағдайдан соң ас үйде пиязды аршып тұрып, көзімнен жас кетті.

Анам кіріп келіп:

- Неге жылап тұрсың? – деді.

- Білесің бе, ащы пияз қолыма түсіпті. Көзді жасаурататын сұрыптары болады ғой, сол шығар, - дедім

- Демек, оны аз суарған шығар деді анам да, Мен бір маңызды нәрсені түсіндім: егер де балаларға балалық шағында аз су құйылса, өздерінің ересек өмірінде олар басқаларды көп жылатады.

Жүргізуші:тапсырма: ватманда бейнеленген жуаның үстіңгі бөлігінде жасыл жапырақты өскін бейнеленген. ата –аналарға әрбір отбасында балаға қандай сезім мен қарым – қатынас болу керектігін, мысалы: мейірімділік, махаббат, түсіністік.....т.с.с. Осындай жақсы сөздермен жуаның жасыл өскінін толтыруды ұсынады.

Біз бүгін сіздермен ең қымбатты бала жаны жайлы ой бөлістік. Ол маңызды,өйткені ол енді ғана өмір деген ұзақ жолға сапарын бастады. Бұл жол - оны рухани байлыққа бастайтын таза және негізгі жол. Бұл жолды барлық нәрсенің басы болып табылатын үлкен әріппен жазылған МАХАББАТТАН бастау керек.Бала ата-ана өмірінің жалғасы.

6. «Жүрек жылуы» жаттығуы

Қатысушыларға кішкене жүрекшелер таратылады.

Тренингке қатысушы аналар....

«Менің сен сияқты керемет анаға тілейтінім!». деген ойды жалғастырулары керек. Бір-біріне деген жақсы лебіздерін білдіреді.

болғым келеді» Біз бәріміз де сол үшін өмірге келгенбіз. Бірақ бақыт деген не?
Ата – аналар, қатысушылар өз ойларымен бөліседі.

Әрине «Қанағат қарын тойғызады», ендеше қанағат болған жерде бақыт та болады. Басқаларға қуаныш, бақыт сыйласаң, өзіңде бақытқа кенелесің. Өмірдің қызығы да осында!

4. Жаттығу «Аяқталмаған сөйлем»

1-топ:

Сәби бақыты, ол –

Ата – ана бақыты, ол –

2-топ:

Әйел бақыты, ол –

Ер – азамат бақыты, ол –

3-топ:

Ұстаз бақыты, ол –

Отбасы бақыты, ол –

Барлықтарыңыздың пікірлеріңізге көп – көп рахмет.

5. «Балама қандай жылулық беремін?»

Күннің суреті салынған ватман. Сіз жылуыңызды беріп жатқан күнсіз. Сізден тарап жатқан шуақтарды қалай деп атайсыз. Ата-аналар шығып балаларына күн сияқты қандай жылулық беріп жатқандарын жазулары керек. Мысалы: «Мен баламды мейірімді, жылы сөздер айтып оятамын», «Мен балама күніне бірнеше рет жылы сөздер айтып айналаймын», «Мен мейірімдімін» т.с.с. Енді шуақты күнімізге қарайықшы. Ол да аспандағы күн сияқты өзінің жылуын, мейірімін уақыт таңдамай, орын таңдамай сыйлап жатыр. Біз де, ата-аналар, өзіміздің балаларымызды ешқандай талап қоймай жақсы көруіміз керек.

4. Тыныштық сәті: (баяу музыканың үнімен өткізіледі.) «Гүлдің оянуы»

Терең демалайық! Құдіретті жарық түсіп тұрғанын елестетіп көріңіздер. Бұл қайырымдылық, бақыт, бейбітшілік және қуаныш жарығы. Қандай тамаша! Қане, сұлулықты тамашалап көрейік! Бұл таңғажайып жарық жүрегімізге тыныштық, қайырымдылық, сүйіспеншілік әкелсін. Ішкі дүниеміз тап- таза, жап-жарық болып кетті. Міне, керемет! Жүрегімізде әдемі гүл ашылып келеді. Қандай әдемі! Түрлі- түсті жапырақтар құлпырып тұр. Бұл сіздің отбасыңыз. Ал гүлдің ортасындағы дөңгелек бұл сіздің балаңыз. Бұл жәй гүл емес, сүйіспеншілік гүлі. Көзіңізді жұмып осы гүлдің елестетіңіздер. Ол әлі кішкентай. Күн оны жылытып, өсуіне көмектеседі. Гүлдің исің иіскейміз. Міне, бізде қандай ғажап гүл пайда болды.

Ал, енді осы сәтті қағаз бетіне түсіріп, ата- аналар ақ параққа гүлдің суретін салып, гүлдестерге баласына деген сүйіспеншілігін жазып, өз ой- пікірлерін айтады.

Тақырыбы: "Балаға не сыйлайсыз?"

Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы. Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.

Міндеті: ата-аналарды өздерінің балаларының жан-дүниесін түсінуге шақыру.

Қош келдіңіздер, құрметті ата - аналар. Бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен тренингті бастаймыз. Тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз боп, сіз боп пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану. Отбасы - Адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі.

Бала қанша білім алып, мектеп табалдырығын аттағанымен, оның өмірінің көп бөлігі әке - шешесінің қасында өтеді екен. Ал сіздердің ата - ана, өміріңізде үш рет мектепке баратыныңызды әрқашан естен шығармаңыз. Бірінші рет – өзіңіз, екінші рет – балаңыз, ал үшінші рет – немереңіз барады екен. Ендеше бүгінгі тренингімізге қатысып отырған ата - аналарға әрдайым осы балаларыңыздың қорғаны болып, немере сүйіп мектебімізге келе беріңіздер демекпіз! Олай болса, бүгінгі тренингімізді бастамастан бұрын өздерімізді таныстырып өтейік.

1. «Танысу» жаттығуы

Алдымен бір бірімізбен амандасып алайық. Амандасуды кішкене өзгеше өткізгім келіп тұр. Қызыл түс белгілер қол алып амандасады, Сары түс дауыс арқылы, Көк түс мимика арқылы бір бірімізбен амандасып алайық.

2. «Қызықты сұрақтар» ойыны. (доп лақтыру арқылы)

1. Балаңыздың туған күні?
2. Сынып жетекшісінің толық аты-жөні?
3. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
4. Балаңыз қандай өлшемде аяқ киім киеді?
5. Балаңыздың досы кім?
6. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
7. Балаңыздың бірінші тісі қанша айында шықты?
8. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
9. Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен, қандай сөз аузыңызға түседі?

3. Жаттығу «Бақыт деген не өзі»

Кез келген адамнан өмірдегі ең қалаулы нәрсесі не екенін сұраңызшы. «Мен тек бақытты

Түркістан облысының білім басқармасының Саураны ауданының
білім бөлімінің «Әйтеке би атындағы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Баяндама

Тақырыбы: Балаға не сыйлайсыз?

Тобы: Даярлық «Ә»

Тәрбиеші: М.Сеитова

2023-2024 оқу жылы

қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл - қыздармен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл - Фараби. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

Тәрбиеші:

М.Сеитова

өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек.

Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамактанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек.

Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мынжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады. Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған. Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үніле